

Жанама ауылдық округіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 11 шілдедегі N 18 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 20 шілдеде N 2-5-182 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 18 қазандағы N 22 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округі әкімінің 18.10.2012 N 22 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринария – санитарлық инспекторының 2012 жылғы 22-мамырдағы N 14 ұсынысы негізінде Жанама ауылдық округінің ә к і м і Ш Е Ш І М Е Т Е Д І :

1. Жанама ауылдық округіне қарасты Қарабұлақ ауылы ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жанама ауылдық округінің бас маманы Керімбай Сәметұлы Ақтымбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж а н а м а а у ы л д ы қ
округінің әкімі Т. Байзаков